

Мемлекеттік қала құрылысының кадастры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 шілде N 931 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 2082 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.11 N 2082 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қазандағы Заңына Z933200_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, N 19, 451-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қоса беріліп отырған Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын (бұдан әрі - Кадастр) құру және жүргізу Тәртібі бекітілсін.

2. Кадастрді құру 2003 жылға дейінгі мерзімде кезең-кезеңімен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Ескерту. 2 тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 397 қаулысымен. P 0 1 0 3 9 7 _

3. 1995-1997 жылдар мерзіміндегі алғашқы кезеңде Кадастрды құру және жүргізудің әдістемесін тәжірибеден өткізуге арналған қалалардың, аудандар мен облыстардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды облыстары мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің қатысуымен осы қаулының қосымшасында көрсетілген қалалардың, аудандардың және аумақтары бойынша Кадастрды жүргізудің тиісті қызметін құруды және ұстауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ бұл қызметтерді, бөлінуі осы қаулының 5-ші тармағында көзделген құралдардан басқа, лайықты өндіріс алаңдарымен және материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз етсін.

Кадастр деректерінің банкі бекітілген сәулет-қала құрылысы құжаттамалары мен картографиялық материалдардан, инженерлік-геологиялық, статистикалық және экологиялық деректерден, министрліктер мен ведомстволардың, техникалық түгендеу бюроларының, басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың тиісті мәліметтерінен алынған ақпараттар негізінде құралып, қалыптасатын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда

құрылыс салу министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды облыстары мен Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып:

Кадастрды құру және жүргізу жөніндегі жұмыстардың республиканың басқа кадастрлық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасай отырып үйлестірілуін қамтамасыз етсін;

1997 жылдың аяғына дейін бірінші кезеңдегі Кадастрды құрудың және жүргізудің әдістемесін қолданудың нәтижелерін жинақтасын және оны Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында құруға және жүргізу кезінде алынған тәжірибені пайдалану үшін қажетті шешімді әзірлесін;

Кадастрды құруды және жүргізуді реттеу мәселелеріне қатысты қолданылып жүрген заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлеп, оны қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, тиісті облыстардың және Алматы қаласы әкімдерімен бірлесіп Кадастрды құрудың және жүргізудің алғашқы кезеңі мерзімінде:

нормативтік-әдістемелік негізді жасау мен қалыптастыру, барлық деңгейдегі Кадастрды құрудың және жүргізудің техникалық жобаларын жасау жөнінде шаралар қолданысын;

Кадастрды жүргізудің техникалық және бағдарламалық құралдарын таңдап, сатып алуды жүзеге асырсын және осы құралдармен тиісті кадастрлық қызметтерді қамтамасыз етсін;

Россия Федерациясының тиісті ведомстволарының келісімі бойынша қала құрылысы кадастрларын интеграциялау саласында бірлесе жұмыс жүргізуді көздесін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің негізделген өтінімдері бойынша 1996 жылдан бастап жалпы республикалық маңызы бар жобалау жұмыстары мен Министрлікті ұстауға жұмсалатын шығындардың құрамында аталған мақсатқа жыл сайын қажетті қаражат бөлуді қарастырсын.

6. Облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесіп 1995-1997 жылдар мерзімінде осы қаулының қосымшасына енбеген қалалардың, аудандар мен облыстардың аумақтары бойынша Кадастр құруға және жүргізуге дайындалу жөнінде шаралар кешенін жүзеге асырсын, соның ішінде:

облыс орталықтары мен ірі елді мекендер аумақтары бойынша масштабы 1:500, 1:1000, 1:2000 картографиялық материалы бар үйлер мен ғимараттарға түгендеу жүргізісін және қажет болған жағдайда Кадастрды жүргізу үшін талап

етілетін мөлшерде жетпейтін топографиялық түсірілімдерді жасау жөнінде
ш а р а л а р қ о л д а н с ы н ;

объектілердің техникалық сипаттамасын мен олардың құндылық (бағалық)
д ә р е ж е с і н б е л г і л е с і н ;

қала құрылысына бейім жобалау ұйымдарын тарту арқылы қала құрылысы
факторларын ескере отырып, облыс орталығы мен ірі елді мекендер аумағының
кешенді әлеуметтік-экономикалық бағалану жобаларын жасауды жүзеге асырсын

7. Республика аумағы бойынша Кадастрдың Мемлекеттік тапсырыс берушісі
болып Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда
құрылыс салу министрлігі белгіленсін.

Кадастрдың базалық (қалалар мен аудандар аумақтары бойынша) және
облыстық деңгейдегі тапсырыс берушілері болып облыстардың және Алматы
қаласының әкімдері белгіленсін.

Базалық және облыстық деңгейлердегі Кадастрды жүргізу аталған Кадастрды
жүргізудің тиісті қызметтерін құру арқылы тиісті сәулет және қала құрылысы
о р г а н д а р ы н а жү к т е л с і н .

8. Кадастрды құру және жүргізу мәселелерінде Қазақстан Республикасының
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің құзырына
мыналар жататын болып белгіленсін:

республикалық деңгейде Кадастр құру мен оны жүргізу;

Кадастрдың бірыңғай ғылыми-әдістемелік және нормативтік-құқықтық
базасын жасау мен бекітуді ұйымдастыру;

Кадастр ақпаратын құру, жүргізу және пайдалану жөніндегі қызметке
б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ;

Кадастрдың Қазақстан Республикасы мемлекеттік кадастрларының бірыңғай
жүйесіне интеграциясын қамтамасыз ету.

9. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда
құрылыс салу министрлігі мүдделі министрліктермен, ведомстволармен,
облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп Кадастрды құру
және жүргізу кезінде министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен
ұйымдардың ақпараттарын түсіру мен пайдаланудың тәртібін белгілеп, бекітсін.

10. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда
құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен
бірлесіп Кадастрды құру мен жүргізуге арналған кадрларды даярлау мен қайта
даярлау жөніндегі шараларды белгілеп, жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 шілдедегі N 931 қаулысымен

Б Е К І Т І Л Г Е Н

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру және жүргізу Т Ә Р Т І Б І

Мемлекеттік қала құрылысы кадастры (бұдан әрі - Кадастр) - қала құрылысын ретке келтіру аумағын оны пайдаланудың әлеуметтік-құқықтық режимінің белгілері, инженерлік-техникалық жарақтану деңгейі, ресурстық жағынан қамтамасыз етілуі және айналадағы ортаның жағдайы бойынша сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштердің бірыңғай жүйесі.

Осы Тәртіп елді мекендерде және қала құрылысын реттеудің басқа да аумақтарында Кадастрды құрудың және жүргізудің негізгі принциптерін, Кадастр қызметтерінің ұйымдық құрылымы мен функционалдық міндеттерін, бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуге деген талаптарды айқындайды.

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Кадастр сәулет-қала құрылысы қызметін ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету мақсатымен "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде құрылады.

2. Кадастрда аумақтың тиісті функционалдық аймаққа жататындығы және оның келешектегі мақсаты, гигиена-экологиялық, инженерлік-геологиялық ахуалы, құрылыс салу мен инженерлік қамтамасыз етілу жағдайы, меншіктік нысанына қарамастан үйлер мен ғимараттардың сипаттамасы туралы мәліметтер ж ү й е с і б о л а д ы .

3. Кадастр мемлекеттік кадастрлар жүйесінің ажырамас бөлігі болып т а б ы л а д ы .

4. Кадастр жүйесі үш деңгейлі құрылымынан тұрады: базалық деңгей қалалар мен аудандарда құрылады. Бұл деңгейде елді мекен мен қала құрылысын реттеу аумағы туралы ақпаратты жинау, бақылау, жаңартып отыру, бұл деректердің архивтерін жүргізу, пайдаланушылардың сұранымына қызмет көрсету іске асырылады;

облыстық деңгейде облыс аумағы бойынша кадастрлық деректерді қорыту мен талдау, ғылыми-техникалық әдістемелерді енгізу ісі, оқу өндірістік қызметі а т қ а р ы л а д ы ;

республикалық деңгейде республика бойынша кадастрлық деректерді қорыту мен талдау Кадастрды құрудың және жүргізудің ғылыми-әдістемелік және нормативтік-құқықтық базасын, оның бағдарламалық-техникалық құралдарын жасау жұмыстары жүзеге асырылады.

5. Кадастр мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін өзі басқару органдарын,

Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған.

6. Кадастрды жинақталған ақпарат елді мекендер мен аумақтарды дамытуды болжамдау, жоспарлау мен құрылыс салу, азаматтық тұрғын үй, өндірістік, коммуналдық және басқа бағыттағы объектілерді орналастыру, жобалау, салу, және қайта жаңарту, сәулет және қала құрылысы ескерткіштерін қорғау, тарихи мекендерді қалпына келтіру, әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды жасау, аумақтар мен оның жеке аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін айқындау, елді мекендердің жерге салық төлеу мөлшерін негіздеу, аумақтық ресурстардың ұтымды пайдаланылуын бақылау, бекітілген қала құрылысы құжаттамаларының жүзеге асырылуын талдау міндеттерін шешу үшін негіз болып табылады.

7. Базалық және облыстық деңгейдегі Кадастр тиісті жергілікті өкімет органдары белгілеген қаражат есебінен жүргізіледі.

8. Кадастрдың ақпаратын алу, пайдалану, тарату мен сақтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Тәртіппен белгіленеді.

II. Кадастр деректерінің құрылымы

9. Кадастрда жерді пайдалану (жерге иелік жасау) учаскелері, үйлер (ғимараттар), инженерлік және көше-жол желісі учаскелері мен тораптары және аумақтық аймақтар (функционалдық, күзетілетін, сондай-ақ инженерлік-геологиялық және гигиеналық-экологиялық жағдайды сипаттайтын) туралы негізгі деректерді қамтитын қала құрылысы объектілер туралы мәліметтер көрініс табады. 10. Әрбір объект мынадай типтерге бөлінген көрсеткіштер тізбесімен сипатталады: құқықтық, куәліктік, техникалық, экологиялық, құндылық, функционалдық және объектінің кеңістік жайы белгіленген. Арнайы нысанға енгізілген қала құрылысы қызметі объектісі бойынша деректер жиынтығы объектінің тиісті паспортын құрайды. 11. Жерді пайдалану (жерге иелік ету) учаскесі туралы мәліметке мыналар: қала құрылысы жағдайын бейнелейтін жоспар; белгіленген шекараның жоспары; сыртқы шекаралар бұрыштары координаттарының каталогы; бұрын пайдалануы туралы деректер енеді. 12. Үй (ғимарат) туралы мәліметке: техникалық сипаттама; үй қабаттары бойынша жоспар; үй орналасқан жер учаскесінің жоспары; сыртқы бұрыштар координаттарының каталогы енеді. 13. Инженерлік және көше-жол желісі учаскелері мен тораптары туралы мәліметке: техникалық сипаттама мен сызба; желі тораптары координаттарының каталогы енеді.

14. Аумақтық аймақтар туралы мәліметтер аймақтардың шекарасы мен тиісті сипаттама түрінде елді мекеннің және қала құрылысын реттеу аумағының масштабты картасымен (сызбасын) ұсынылады. Мысалы: елді мекен аумағын

функционалдық аймақтандыру, экологиялық шектеу аймақтары мен оларға сәйкес айналадағы ортаның ластану параметрі және тікелей әсерлерін қосқанда басқа да зиянды факторлар.

15. Қажет болған жағдайда, осы Тәртіптің 11,12,13-тармақтарында көрсетілгеннен өзге, объекті паспортында басқа да мәліметтер болуы мүмкін.

16. Объектілердің әртүрлі аумақтық аймақтарға жататынын және жер учаскелері, үйлер (ғимараттар), инженерлік коммуникациялар туралы ақпараттың өзара байланысын анықтау объектілердің айрықша нүктелерінің координаттары арқылы қамтамасыз етіледі.

17. Объекті туралы деректер - сандар, мәтінді жолдар, кодтар және кескінді бейнелеу түрінде беріледі. Мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекіткен мемлекеттік және жергілікті жіктемеліктерді пайдалана отырылып объектіге код беріледі.

III. Кадастрды құру тәртібі

18. Базалық деңгейдегі Кадастрды құру мынадай тәртіппен:
дайындық кезеңі;
деректерді жинау мен өңдеу;

Кадастрды ақпараттық жүйесін құру тәртібімен жүргізіледі.

19. Жұмыстың дайындық кезеңінде қолда бар жоспарлау-картографиялық материалдар, жер есеп-қисабының құжаттамасы, аумақтық бөлшектерін (жоспарлы аудандар мен жоспарлы бірліктер - кварталдар, шағын аудандар) бөлу мен кодтау кіретін елді мекендер аумағының жоспарлы жүйесінің материалдары, елді мекен шекарасы шегіндегі учаскелердің бөлінуі, сәулет-қала құрылысы құжаттамасы, шаруашылық ішіндегі жерге орналасу жобалары, объектілерді бұрынғы жылдары түгендеу материалдары орындалған түсірілім материалдары, инженерлік геология, айналадағы орта мен гигиена жайы туралы деректер зерделеніп, талданады. Қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен елді мекеннің шекарасын анықтау немесе белгілеу жөніндегі жұмыстар кешені орындалады.

Кадастр объектілерінің тізбесі, бөлшектері көрсетілген аумақтың жоспарлы желісінің сызбасы, аумақтың экологиялық жағдайының карта сызбасы, тиісті іздестірулер, өлшеулер мен басқа да зерттеулер жолымен алынуы қажетті жетіспейтін ақпараттың құрамы жұмыстың осы бөлігінің нәтижесі болып табылады.

Кадастрды құру кезінде Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Экология және биоресурстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі органдарының, басқа да

ведомстволар мен қызметтердің қолда бар ақпараттық материалдары барынша п а й д а л а н ы л а д ы .

20. Деректерді жинау мен өңдеу мынадай кезектілікпен жүргізіледі:
қазіргі құқықтық және техникалық құжаттама негізінде объектілердің п а с п о р т т а р ы н т о л т ы р у ;

объекті бойынша талап етілетін деректер болмаған жағдайда заттық тексерулер (түгендеу) жүргізу;

нәтижелер бойынша Кадастр объектілерінің паспорттарындағы деректер анықталатын объектілерге түгендеу жүргізу;

елді мекен мен аумақтың кадастрлық картасын құрастыру іске асырылады.

21. Кадастр картасы Кадастрдың картографиялық негізі болып табылады және дәл де түбегейлі шешімдер қабылдау үшін аумақтар учаскелерінің желілік және аландық сипаттамасына өзгертулер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қала құрылысы кадастры объектілерінің кеңестігін белгілеу Қазақстан Республикасы Геология және картография Бас басқармасы органдарының келісімі бойынша белгіленген координаттар жүйесінде орындалады.

ЕСКЕРТУ. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен. Р961031_

22. Картографиялық материалдар Кадастрдың деңгейіне сәйкес мынадай м а с ш т а б т а о р ы н д а л а д ы :

қалалар, селолық елді мекендер мен өзге де мекен-жайлар мен олардың бөліктері үшін - 1:500, 1:2000, 1:5000, 1:10000;

аудандар үшін - 1:25000, 1:50000, 1:100000;

облыстар аумағы мен олардың бөліктері үшін - 1:10000, 1:25000, 1:200000, 1:500000 ;

республика аумағы үшін - 1:1000000, 1:2000000.

Кадастрды автоматтандырылған тұрғыдан жүргізу кезінде картографиялық негіз бір ізге салынған технология қолданыла отырып электронды карта түрінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

IV. Кадастрды жүргізу тәртібі

23. Бастапқы деректердің жиналуын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекіткен бірыңғай нормаларға, ережелер мен әдістемелік нұсқауларға сәйкес сәулет және қала құрылысының тиісті органының кадастрлық қызметі жүзеге асырады.

Деректер жинаудың мерзімділігі және оларды жаңартып отыру объектілердің түрлеріне, ақпараттың сипатына байланысты болады әрі осы тәртіппен реттеледі.

24. Жерді пайдалану (жерге иелік ету) учаскелері туралы ақпарат жер кадастрының деректері бойынша қалыптастырылады және объектілерді әрбір тіркегенде немесе объектілер туралы деректер өзгергенде жаңартылып отырады.

25. Жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарының материалдары бойынша қалыптастырылған қала құрылысының деректерін Кадастр қызметі м ы н а д а й ж а ғ д а й д а :

объектілерді салуға (қайта жаңартуға) рұқсат бергенде және оларды пайдалануға қабылдап алғанда;

қала құрылысы құжаттамаларын жасағанда (түзеткенде); елді мекенді салудың кезекші жоспарын тоқсан сайын түзегенде тіркейді.

26. Орындау түсірілімдерінің топографиялық-геодезиялық жұмысының материалдарын, сондай-ақ пайдалануға берілген объектілері қабаттарының жоспары бар техникалық сипаттамасын құрылыстың тапсырыс берушісі бір ай мерзім ішінде өңдеу мен тіркеу үшін базалық деңгейдегі тиісті Кадастр қ ы з м е т і н е б е р е д і .

27. Үйлердің, ғимараттардың, инженерлік-көліктік жүйелердің пайдаланылуымен және есебін алумен шұғылданатын қызметтер мен ұйымдардың деректері объектілер бойынша деректердің өзгеруіне орай К а д а с т р д а т і р к е л е д і .

28. Айналадағы табиғи ортаның жағдайы туралы деректер Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарманың, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі мен өзге де ведомстволар органдарының, олар кемінде жылына бір рет тексеру жүргізгендегі материалдары бойынша Кадастрда тіркеледі.

29. Аумақтық инженерлік-геологиялық сипаттамасы бес жылда бір рет, гидрогеологиялық сипаттамасы үш жылда бір рет жаңартылып отырылады.

30. Кадастрды қағаз жүзінде де сол секілді ақпаратты жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электрондық жүйесін қолдана отырып та жүргізуге болады.

31. Кадастрдың автоматтандырылған ақпарат жүйесі мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешендер негізінде құрылады, олардың қызмет ету тәртібін Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейді.

32. Кадастрдың объектілері туралы ақпараттың дұрыстығы мен уақтылы жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету үшін жергілікті атқару органдарына өз шешімімен тәртіп белгілеу ұсынылады; сол тәртіп бойынша объектілерге иелік жасауға (пайдалануға) құқықтық актілерді бекіту және құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау актілерін бекіту Кадастр қызметінде тіркеуден өткізумен б і р м е з г і л д е жү р г і з і л е д і .

V. Кадастр ақпаратын пайдалану

33. Мыналар Кадастр ақпаратын пайдаланушылар:

сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына тапсырыс берушілер - құрылыс салуға жер таңдау және беру, іздестіруге, жобалауға және құрылыс салуға бастапқы деректер мен рұқсат алу мәселелері бойынша;

жобалау, іздестіру және ғылыми-зерттеу ұйымдары - жобалау-іздестіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін бастапқы деректер алу мәселелері б о й ы н ш а ;

сәулет және қала құрылысы органдары - сәулет-қала құрылысы тапсырмаларын құрастыру, қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеуді реттеу, жер учаскелерінің қала құрылысына игерілуіне бақылау жасау, қала құрылысы объектілері мен өзге де қала құрылысы жұмыстарына мониторинг жүргізу мә с е л е л е р і б о й ы н ш а ;

Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүліктерді бағалау жөніндегі мемлекеттік компаниясының органдары - аумақтық қала құрылысына құндылығын ескере отырып жылжымайтын мүліктің құндылық сипаттамасын айқындау мә с е л е л е р і б о й ы н ш а ;

айналадағы орта мен табиғи ресурстарды қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары - табиғи ресурстарды пайдалануға және қалалық және селолық мекендерде айналадағы ортаның жағдайына мониторинг және бақылау жүргізу, қоршаған ортаны қорғау шараларын қолдану мә с е л е л е р і б о й ы н ш а ;

салық қызметтері - аумақтық қала құрылысына құндылығын ескере отырып елді мекендердің жерлеріне жер салығы мөлшерін белгілеу мәселелері бойынша;

өзге де заңды және жеке тұлғалар - Кадастр ақпаратын пайдаланушылар б о л ы п т а б ы л а д ы .

34. Кадастрдың ақпаратына рұқсат беру ережелерін Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейді.

35. Кадастрдың мемлекеттік құпиясы және өзге де шектеулері жоқ ақпараты оны алуға ықылас білдірген кез-келген заңды және жеке тұлғаға беріледі. Құпиялық сипаттағы ақпарат тек бұл ақпарат мүддесіне қатысты нақты субъектілердің келісімімен берілуі мүмкін.

36. Кадастрды пайдалану қағазға немесе магнит таспасына стандартты ресімделген кадастр құжаттарымен танысу және (немесе) алу, сондай-ақ тікелей рұқсат ету арқылы Кадастр деректерінің сақталу орнына техникалық және телекоммуникациялық байланыс құралдарын қолдану арқылы нысанда жүзеге а с ы р ы л а д ы .

37. Кадастр деректеріне тікелей рұқсат алу құқымен кіретін пайдаланушылардың тізбесін оған өкімдік етуші айқындайды.

38. Кадастр ақпаратына беру тәртібін бұзу немесе жалған ақпарат беру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

39. Кадастрдың ақпаратын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі айқындаған тәртіппен ереже мен мөлшер бойынша деректерді іздеу, өңдеу және сұратуға жауап беруді ресімдеу жөніндегі шығындарды төлейді.

Кадастр деректерінің қалыптасуына атсалысқан министрліктер мен ведомстволар және олардың жергілікті органдары, сондай-ақ басқа кәсіпорындар мен ұйымдар үшін ақпарат жеңілдік жағдаймен беріледі.

VI. Кадастрды үлестірушілер

40. Мыналар Кадастрды үлестірушілер болып табылады:
базалық деңгейде - қала, аудан әкімі;
облыстық деңгейде - облыс әкімі;
республикалық деңгейде - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі.

41. Базалық деңгейдегі Кадастрды үлестіруші:
өз деңгейінде Кадастрдың жасалуын және жүргізілуіне бақылауды
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Кадастр объектілері бойынша деректердің өзгертілуіне қала құрылысы
мониторингін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

ведомствоға қарасты аумақ бойынша Кадастр үшін бастапқы ақпарат берушілердің тізбесін белгілейді, өз құзырының шегінде оның дұрыстығы мен уақытылы берілуі үшін жауапкершілікті айқындайды;

жыл сайын 1 наурызға дейін ведомствоға қарасты аумақтағы қала құрылысы әлеуетінің жағдайы мен оның пайдаланылуы туралы баяндаманы бекітеді және қорыту үшін облыстық деңгейдегі Кадастр үлестірушісіне ұсынады.

42. Облыстық деңгейдегі Кадастрдың үлестіруші:
облыстық деңгейдегі Кадастрдың жасалуын және жүргізілуіне бақылауды
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Кадастр объектілері бойынша деректердің өзгертілуіне қала құрылысы
мониторингін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

облыс Кадастры үшін бастапқы ақпарат берушілердің тізбесін белгілейді, өз құзырының шегінде оның дұрыстығы мен уақытылы берілуі үшін жауапкершілікті а й қ ы н д а й д ы ;

базалық деңгейдегі баяндамаларды қорытады, жыл сайын 1 мамырға дейін ведомствоға қарасты аумақтағы қала құрылысы әлеуетінің жағдайы мен оның

пайдаланылуы туралы баяндаманы бекітеді және Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне ұсынады.

43. Қазақстан Республикасының Кадастрын үлестіруші:

Қазақстан Республикасының Кадастрын енгізуге және оның бірыңғай ғылыми-әдістемелік, нормативтік-құқықтық базасын құруға байланысты жұмыстарды ұйымдастырады және бөлінген қаражат шегінде қаржыландырып
о т ы р а д ы ;

Кадастрдың барлық деңгейде жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

Кадастрды жүргізу жөніндегі бірыңғай нормаларды, ережелер мен әдістемелік нұсқауларды бекітеді;

Кадастр үшін бастапқы ақпарат берушілердің тізбесін айқындайды; облыстық деңгейдегі Кадастрды үлестірушілердің баяндамаларын қорытады және жыл сайын 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне баяндама түсіреді.

VII. Кадастрдың қызметі

44. Республикалық деңгейдегі Кадастрды жүргізуді Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің кадастрлық қызметі өзінің орталық ақпаратының адам саны мен еңбекақы қорының шегінде жүзеге асырады.

Базалық және облыстық деңгейдегі Кадастрды жүргізуді сәулет және қала құрылысы тиісті органының кадастрлық қызметі Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекіткен бірыңғай нормаларға, ережелер мен әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүзеге асырады. Базалық және жергілікті деңгейдегі қала құрылысы кадастрының қызметі жергілікті атқару органдарының шешімімен құрылады. Базалық және облыстық деңгейдегі Кадастр қызметінің құрылымы мен штатын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жасаған және бекіткен үлгі ереже негізінде жергілікті атқару органдары белгілеп, бекітеді. 45. Барлық деңгейдегі Кадастр қызметтері: ақпараттық деректерді сақтауды, жаңартып отыруды және беруді; Кадастрге кіргізілген ақпаратты тіркеуді; архив жүргізуді; кадастрлық ақпаратты пайдаланушыларға қызмет көрсетуді; тиісті аумақтағы қала құрылысы әлеуетінің жағдайы мен оны пайдалану туралы жыл сайын баяндама әзірлеп, ұсынуды жүзеге асырады. 46. Ақпарат таратуды барлық деңгейдегі Кадастр қызметтері жұртшылықты хабардар етіп отыру үшін Кадастрдың қорытылған деректерін үнемі жариялап отыру жолымен жүзеге асырады. 47. Республика аумағында Кадастрдың бірыңғай жүйесін құрудың бірінші кезеңіне: Кадастр қызметі жұмысының құқықтық негізін қамтамасыз ететін тиісті заңдық,

нормативтік-құқықтық және басқа актілерді әзірлеп іске қосу; түрлі деңгейлер үшін Кадастрды құрудың және жүргізудің техникалық жобаларын жасау; бағдарламалық құралдарды жасау (таңдау, алу); Кадастрлық қызметті ұйымдастыру; бастапқы ақпаратты түгендеу және алғашқы іріктеу, оны өңдеу, тіркеу және деректер банкіне кіргізу; Кадастрдың тәжірибелік пайдаланылуы қамтылады. 48. Кадастрды құрудың және жүргізудің техникалық жобасы деректер банкіндегі ақпараттың құрылымы мен құрамын, бағдарламалық және техникалық құралдарға қойылатын талапты, кадастрлық қызметтің құрамын, оның материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін, Кадастрды құрудың мерзімдерін, оны құруға және жүргізуге қажетті шығындарды, өзін-өзі ақтауға көшу жағдайын айқындайды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 шілдедегі N 931 қаулысына ҚОСЫМША

1995-1997 жылдар мерзіміндегі алғашқы кезеңде Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құрудың және жүргізудің тәжірибелік әдістемесін тәжірибеден өткізуге арналған қалалардың, аудандардың және облыстардың Т І З Б Е С І _____

_____ Қалалардың,
ау. | Кадастр| Кадастрды жүргізуге жауапты дандардың және |қызметін| ұйым және жобаны жасаушы облыстардың |құру | атауы |мерзімі | _____

_____ Алматы қаласы 1995 жыл Алматы қалалық әкімшілігінің Сәулет және қала құрылысы департаменті " Алматыгенплан" АҚ Алматы облысы 1996 жыл Алматы облыстық құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеті "Алматыгенплан" АҚ соның ішінде: Қаскелең қаласы 1995 жыл Қаскелең ауданы 1995 жыл Ақмола қаласы 1995 жыл Ақмола облыстық құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеті "Казгипроград" институты Ақтөбе қаласы 1995 жыл Ақтөбе облыстық құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеті "Казгипроград" институты Қарағанды қаласы 1995 жыл Қарағанды облыстық құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеті "Казгипроград" институты